

Баспасөз ақпараты: 2018 жылдың 18 - 20 қыркүйегі аралығында Ыстықкөл қаласында (Қырғызстан) Орхус орталықтарының 2018 жылғы жыл сайынғы кездесуі болып өтті

2018 жылдың 18-20 қыркүйегінде Ыстықкөл қаласында ЕҚЫҰ-мен ұйымдастырылған Орхус орталықтарының кездесуі болып өтті.

Іс-шараға 15 елдің өкілі Оңтүстік-Шығыс Еуропа, Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия, сондай-ақ Халықаралық Ұйымдардың Өкілдері - БҰҰ ЕЭК Орхус конвенциясының хатшылығы, БҰҰДБ, ЕО-мен, ЕҚДБ-мен, ЕҚЫҰ-ның және басқа да қатысты.

Орхус орталықтарының 2018 жылғы жыл сайынғы кездесуінде басты назар 2030 жылға орнықты дамуға арналған Күн тәртібінің жүзеге асырылуындағы Орхус орталықтарының үлесіне аударылды. Қатысушылар Орхус орталықтарының халықаралық тәжірибесімен танысуға және олардың орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі және Орхус орталықтарының орнықтылық мәселелерін және ресурстарды жұмылдырудағы олардың әлеуетін нығайту мәселелері талқылауға мүмкіндік алды.

Кездесу барысында алты тақырыптық сессия және Ыстықкөл көліне саяхат жүргізілді.

Сессия шеңберінде мына бағыттар бойынша талқылау жүргізілді:

- апатты мен климат қауіптілігін азайту мәселелері бойынша әлеуетті нығайту және қоғамдық деңгейдегі іс-шараларды жүзеге асыру (Орнықты дамудың 11-ші және 13-ші мақсаттары);

- су ресурстарын ұтымды пайдалануда жұртшылықтың қатысуын арттыру (Орнықты дамудың 6-шы мақсаты);

- жасыл экономикаға көшуге және жергілікті деңгейде ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал ету;

- Орталық Азия уран мұрасы объектілерімен байланысты проблемаларды шешуде мүдделі тараптарды тартуға баса назар аударылған негізгі салаларды хабарлар ету деңгейін арттыруда және әлеуетті нығайту негізіне қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған мүдделі тараптардың қатысуын арттыру (сонымен қатар Орнықты дамудың 12,3,6 және мақсаттары бойынша).

Орхус орталықтарының орнықты қызметі мен ресурстарды жұмылдыру бойынша мәселелерді талқылау.

Сессия соңында, Ыстықкөлде практикалық табиғат қорғау іс-шаралары, көл суынан сынамалар жиналды және көлдің аквалангистермен тазалауға бақылау сонымен қатар, Ыстықкөл су кеңістігін сақтау және Су ресурстарының Фин институтының жобасы және ТҚҚ-дан тазарту бойынша компания нәтижелері таныстырылған саяхат жүргізілді.